

PAPER DETAILS

TITLE: ????? ?????????? ??????????????

AUTHORS: Oryngul D?YSENBAEVNA,Nabat ARASHOVA,Gulmira YESHMANOVA

PAGES: 93-104

ORIGINAL PDF URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2829095>

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Түйіндеме

Түркі мемлекеттерінің жақындастыратын басты фактор - түркі халықтарының тұбі бір туыстығы, өткен тарихының ортақтығы, этнолингвистикалық жақындығы, геосаяси және экономикалық алғышарттарының бастаулары. Бұл мақалада тұбі бір түркі елдерінің қалыптасу тарихы, Түркі мемлекеттерінің үйімі – Түркі Кеңесінің құрылу тарихы, негізгі мақсат – міндеттері (осы уақытқа дейін өткізілген саммиттер) және өзара саяси, экономикалық, мәдени байланыстар, реңсі және бейресми сапарлар баяндалады. Сондай-ақ Түркі мемлекеттерінің арасындағы ынтымақтастық, импорт және экспорт, ауылшаруашылық, кеден, қарым-қатынас мәселелері қарастырылады. Назарбаевтың түркі әлеміндегі бірлік пен ынтымақтық сақтауда маңызды рөл атқаратынын атап өткім келеді. Одан кейінгі 30 жыл ішінде түркілдес елдер арасындағы қарым-қатынасты нығайтудың козгауышы күшіне айналды. Тәуелсіздік алған елдер үшін қын кезендерде көрегендік танытты. Солардың ішінде Түркі кеңесін құру арқылы бауырлас елдердегі мәселелер онтайлы шешілді. Жалпы кеңес жұмысын жүйелеп, жандандыруда Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі зор. Оның бастамаларымен жүзеге асырылған

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL JOURNAL
OF TURKISH WORLD STUDIES
CILT 6 / SAYI 1 / EKİM 2023

Sorumlu Yazar Corresponding Author

Oryngul DYYSENBAEVNA
Nabat ARASHOVA
Gulmira YESHMANOVA

S.Yessenov Caspian University
of Technology and
Engineering,
oryngultabyldiyeva@yu.edu.kz

S.Yessenov Caspian University
of Technology and
Engineering
nabat.arashova@yu.edu.kz

NOHU, PhD öğrencisi,
gulni_86_999@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-0114-
6231

Gönderim Tarihi Received

19.12.2022

Kabul Tarihi Accepted

19.01.2023

Atif
ALİYEV, Şefayet (2023).
“Hidayet Orucovun
Eserlerinde Göç ve İşgal
Sorunları”, *Uluslararası
Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, (6/1), 93-104.

ARAŞTIRMA MAKALESI
RESEARCH ARTICLE

тарихи-мәдени байланыстардың күндылығы болашақ үрпақ үшін маңызды қадам екені анық. Оның түркі әлемі үшін аянбай еңбек еткенін айта кеткен жөн. 1992 жылдан бері түркілдес елдердің барлық саммиттеріне катысқан жалғыз адам. Келесі кеңестер мен ұтымды ұсыныстар түркі әлемінің саяси, рухани және мәдени байланыстарының нығаюына себеп болды. Түркі әлемінен жана серпін берді. Солардың ішінде бауырлас Өзбекстанның Түркі кеңесіне реєсі мүше болуы тарихи оқиға болды. Бұл ретте Қазақстан мен Түркия қоғам сұранысына сай өзара білім беру саласында білікті кадрларды даярлауды жүйелі түрде жүзеге асыруда. Бірлескен тәжірибе түркілдес елдердің білім беру саласындағы жаңашылдығы екені анық. Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда жаңа оқу орындары ашылды. Бауырлас қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін кадр дайындауга көп көңіл бөлді. Әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздік алған киын-қыстау кезенде жастарды шетелде оқытуды қолға алуы ерлікпен пара-пар. «Болашақ» бағдарламасымен жастар әлемнің жетекші оку орындарында білім алуға күш салды Білімді жастар шет тіліне басымдық берді. 1992 жылы Түркия мен Қазақстан ұйымы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті ашылды. Қазақстан қазіргі заманғы кадрлар даярлауда Орталық Азияда көш бастады. Басқа елдердің тәжіриbesі өз елдерінде үлгі ретінде алынады. Мәдени-рухани байланыстардың жүйелі дамуының арқасында Түркістан қаласы Түркіяның астанасы болды. Сондықтан Қазақстанда халықаралық университеттің ашылуы бүкіл түркі әлеміне үлгі.

Тірек сөздер: Саммит, туризм, инвестиция, импорт, экспорт, миграция, диаспора, геосаясат, ассимиляция, типология.

COOPERATION OF TURKISH COUNTRIES

Abstract

The main factor that unites the Turkic states is the unity of the Turkic peoples, the commonality of the past, ethnolinguistic proximity, the origins of geopolitical and economic prerequisites. This article describes the history of the formation of Turkic countries with the same bottom, the history of the formation of the Organization of Turkic states – the Turkic Council, the main goals and objectives (summits held so far) and mutual political, economic, cultural ties, official and unofficial visits. The issues of cooperation, import and export, agriculture, Customs, and relations between the Turkic states will also be considered. I would like to note that Nazarbayev

plays an important role in maintaining unity and solidarity in the Turkic world. Over the next 30 years, it has become a driving force for strengthening relations between Turkic-speaking countries. He showed foresight in difficult times for the countries that gained independence. Among them, through the creation of the Turkic Council, the problems in the fraternal countries were optimally resolved. In general, Nursultan Abishevich made a great contribution to the systematization and activation of the work of the council. Obviously, the value of the historical and cultural ties implemented by his initiatives is an important step for future generations. It should be noted that he worked hard for the Turkic world. The only person who has participated in all the summits of Turkic-speaking countries since 1992. The following advice and rational proposals caused the strengthening of political, spiritual and cultural ties of the Turkic world. Gave a new impetus to the Turkish world. Among them, the official membership of fraternal Uzbekistan in the Turkic Council was a historic event. At the same time, Kazakhstan and Turkey systematically train qualified personnel in the field of mutual education in accordance with the needs of society. It is obvious that the joint experience is an innovation in the field of education of Turkic-speaking countries. On the initiative of Nursultan Nazarbayev, new educational institutions were opened in Kazakhstan. After the independence of the Fraternal Kazakh nation, he paid a lot of attention to personnel training. In particular, the fact that Kazakhstan took up training of young people abroad during the difficult period of independence is tantamount to heroism. With the Bolashak program, young people made an effort to study in the world's leading educational institutions. In 1992, the organization of Turkey and Kazakhstan opened the International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi in Turkestan. Kazakhstan is the leader in modern training in Central Asia. The experience of other countries is taken as a model in their own countries. Thanks to the systematic development of cultural and spiritual ties, the city of Turkestan became the capital of Turkey. Therefore, the opening of an International University in Kazakhstan is an example for the entire Turkic world.

Key words: Summit, tourism, investment, import, export, migration, diaspora, geopolitics, assimilation, typology.

Giriş

Hidayet Orucov şair, yazar ve gazeteci olarak velut bir ömür süren edip dünyaya geldiği Zengezur bölgesinde


Ermenilerin hayatı geçirdiği vahşetlerin tamamının tanığı olmuştur. Ermenilerin Türk milletine duyduğu tarifsiz kinkle bölgede yaşayan Azerbaycan Türklerinin köylerine yapılan saldırular ve hayatı geçirilen her vahşet Hidayet Orucov'un millî bilincinde ve duygularında silinmez izlerin bırakmış, kaleme aldığı her eserinde olayları dile getirerek duyduğu tepkileri dünya kamuoyuna sunmuştur.

Еуразия материгінде түркілердің, біздің заманымызға дейін 3000-4000 жыл бұрын жүріп өткен өтес ұзақ тарихы бар. Мұны біз, қеңестік пен уақыт аясында қарастырғанымыз жөн. Өткен ғасырдың 1980-90 жылдар тоғысында, Шығыс Еуропаның елдеріндегі тубегейлі саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты социалистік жүйе типологиясы өзінің көп бөлігін жоғалтты. Ал 1991 жылдың сонында Қеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО), өзінің ыдырауы нәтижесінде бірыңғай геосаяси қеңестік және халықаралық құқық субъектісі мәніндегі өмір сүруін тоқтатты. Осылайша оның құрамындағы одактас республикалардың тәуелсіз мемлекеттерге айналуы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан әлемдік геосаяси жүйені құрылымдық жағынан қайта жаңғыртты.

Ал төменде берілген «Еуразия материгіндегі түркілдес халықтардың таралуы» картасынан (сурет-1), түркі халықтарының қоныстанып орналасқан негізгі ареалдарын және қызыл нокаттар арқылы белгіленген олардың ауқымды көпсанды диаспораларының мекендеген елдерін (Греция, Болгария, Румыния, Украина, Албания, Хорватия, Украина, Грузия, Сирия, Ирак, Тәжікстан, Ауғанстан) көре аласыздар. Еуразия материгіндегі түркілдес халықтардың таралуы нәтижесінде, Еуразияның саяси картасы үлкен өзгеріске ұшырап, оның ішінде түркілдес мемлекеттер бұл материктің жаңа геосаяси құрылымында өзіндік маңызды сипатқа ие болды. Ал КСРО ыдырағанға дейін, яғни XX ғасырдың 90-жылына дейінгі түркі халықтарының ішінде өз алдына дербес ел болған тек Түркия Республикасы болатын. Осы жерде тәуелсіздігі танылмаған ел – Солтүстік Кипр Түрк Республикасы (СКТР)* жайына тоқталсақ, ол 1983 жылы Грекияның

арандатуымен Кипрде ұйымдастырылған әскери төңкерістің салдарынан қос қауымдастық – түріктегі мен гректердің арасындағы дау-дамайдан соң аралдың және ел астанасының екіге бөлінуінің нәтижесінде дүниеге келді.

Сурет 1. Еуразия материгіндегі түркілдес халықтардың таралуы



Солтүстік Кипр Түрік Республикасы (СКТР)* Түркілдес елдер ішінде Түркия Республикасы мен СКТРдан* кейін, Кеңестер Одағының ыдырауына байланысты бұрын оның құрамында болған – Қазақстан, Өзбекстан, Әзіrbайжан, Қырғызстан және Түркменстан республикалары өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң, олар – 1992 жылдың 2-ші наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды. Осылайша Кеңестер Одағының ыдырауы, әлемнің саяси картасына жаңадан тәуелсіз 5 жас егемен мемлекетті әкелді. Олар – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан, төмендегі № 1-ші кестедегі атапмыш түркілдес мемлекеттер.

1. Түркілдес елдердің географиялық орналасуы

Енді түркілдес елдердің географиялық орналасуына келсек, Түркия мен СКТР* (тәуелсіздігі танылмаған ел) және Гагаузия, сол сияқты Қырым Республикасы* (халықаралық деңгейде танылмаған құрылым, ал оны Ресей Федерациясы өз құрамына 2014 жылдың 18-наурызында

қосып алған, ол осы екі арасындағы даулы аумақ болып табылады) – Қара, Жерорта және Азов теңізі алабында орналасқан. Ал өз егемендігін кейіннен алған түркітілдес республикалар негізгі мұхиттардан алыста, материктің түкпірінде, қоныржай климат белдеуінің оңтүстік бөлігінде, Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Каспий теңізі мен шығысында Алтай, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань мен Памир-Алай тау жүйелері аралығында жатыр. Ал Әзіrbайжан мен оның Нахичевань автономиясы – Үлкен, Кіші Кавказ таулары мен Армян таулы қыраты аумағында орналасқан. Ресей Федерациясы (РФ) құрамындағы автономия құқындағы түркітілдес елдердің көбісі Еділ (Волга) бойы мен Кавказ аймағында орналасқан, ал кейбірі тіптен Азия құрылышының солтүстік (бұрынғы Долган-Таймыр автономиялық округи) және солтүстік-шығыс (Якутия) бөлігінде жатыр. Олар туралы қыскаша мәліметтер келесі № 2-ші кестеде көрсетілген [1].

1-кесте. Дүниежүзінің түркітілдес мемлекеттері

<i>№</i>	<i>Елдің атапуы</i>	<i>Жер аумағы, шаршы км</i>	<i>Халқы, адам</i>	<i>Астанасы</i>	<i>Тәуелсіздік жарияланған уақыт</i>
1	Әзіrbайжан	86 600 км ²	10 073 200	Баку	30 тамыз 1991ж.
2	Қазақстан	2724 900км ²	18 852 802	Нұр-Сұлтан	16 желтоқсан 1991
3	Кыргызстан	198 500 км ²	6 523 529	Бишкек	31 тамыз 1991 ж.
4	Өзбекстан	447 400 км ²	34 036 800	Ташкент	31тамыз 1991 ж.
5	Түркия	783 562 км ²	83 154 997	Анкара	29 қазан 1923 ж.
6	Түркменстан	491 200 км ²	5 942 502	Ашхабад	27 қазан 1991 ж.
7	Солтүстік Кипр*	3 355 км ²	294 906	Лефкоша*	1983 жыл

Тарихта түркі халықтары солтүстікте – Солтүстік Мұзды мұхит, оңтүстікте – Тибет таулары, шығыста – Тынық мұхит, батыста – Балқан тауларына дейінгі үлкен аймақта өмір сүргені белгілі. Түркия ғалымдарының

есептеуінше, қазіргі таңда түркілдес халықтардың жалпы саны 300 млн адамға жуық. Түркілдес халықтар дүние жүзінің барлық бөлігінде еңбек етіп, өмір сұруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының есептеуі бойынша, әлем бойынша түркі тілдері – бесінші орында болуымен қатар және үлкен аумақты алып жатқан кең таралған тілдердің қатарына жатады. Түркілдес елдерде халықтың табиғи өсімі, басқа көршілес мемлекеттерге қарағанда біршама жоғары болып келеді [2]. Түркі мемлекеттерінің ұйымы (кезінде Түркілдес мемлекеттер ынтымақтастығының кеңесі – Түркі Кеңесі деп аталған) 2009 жылы Түркі мемлекеттері арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында үкіметаралық ұйым ретінде құрылды. Оның негізін қалаушы Эзербайжан, Қазақстан, Қыргызстан және Түркия болып, төрт мемлекет болды. 2019 жылдың қазан айында Бакуде өткен 7-ші Саммит кезінде Өзбекстан толыққанды мүше ретінде қосылды. Мажарстан 2018 жылғы қыркүйекте Қыргыз Республикасының Шолпан-Атада өткен 6-шы Саммиті кезінде Ұйымда бақылаушы мәртебесін алды. Ал соңғы 2021 жылғы қарашада өткен 8-ші Саммитте Туркіменстан Ұйымға бақылаушы мүше ретінде қосылды. Ұйым Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҮҮ) Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын және мемлекеттердің егемендік теңдігін, халықаралық танылған шекараларының аумақтық тұластығын және мызғымастығын, сондай-ақ халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті қолдауды және тату көршілік пен достық қатынастарды дамытуды қоса алғанда, халықаралық құқықтың басқа да жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын ұстанады. Ұйым бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, кең ынтымақтастықты дамытуға және оған мүше мемлекеттер арасындағы ортақ даму әлеуетін ашуға ұмтылады.

2. Түркі кеңесі

Ортақ тарихтың, ортақ тілдің, ортақ бірегейліктің және ортақ мәдениеттің төрт негізгі тірегіне құрылған Түркі Кеңесі өзін осы ортақ белгілердің шенберімен шектемейді. Керісінше, ол мүше мемлекеттер арасындағы экономика, ғылым, білім, көлік, кеден, туризм және басқа да түрлі

салалар сияқты екіжақты ынтымақтастырың қолданыстағы салаларын аймақтың ігілігі үшін көпжақты ынтымақтастықта дейін кеңейтуге бағытталған. 2011 жылдан бастап Ұйым жыл сайынғы саммиттерін белгілі бір тақырыптар бойынша өткізіп, онда мүші мемлекеттердің басшылары өткен кезеңді бағалап, келесі жылға мақсаттар қояды. Түркі кеңесінің аясында жыл сайын Мемлекет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Аға лауазымды тұлғалар комитеті, Ақсақалдар кеңесі, сондай-ақ экономика, инвестиция, кеден, көлік, білім, туризм, ақпарат және басқа салалардағы мемлекеттік органдары басшылары мен сарапшыларының кездесулері өткізіледі.

Түркі кеңесінің I Саммиті 2011 жылғы 21 қазанда Алматы қаласында (Қазақстан) «Түркітілдес мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығы» тақырыбында өтті.

Түркі кеңесінің II Саммиті 2012 жылғы 23 тамызда Бішкек қаласында (Қырғызстан) «Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық» тақырыбында өтті.

Түркі кеңесінің III Саммиті 2013 жылғы 16 тамызда Габала қаласында (Әзербайжан) «Көлік және коммуникациялар саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті.

Түркі кеңесінің IV Саммиті 2014 жылғы 5 маусымда Бодрум қаласында (Түркия) «Туризм саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті.

Түркі кеңесінің V Саммиті 2015 жылғы 11 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында (Қазақстан) «Ақпарат саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті.

Түркі кеңесінің VI Саммиті 2018 жылғы 3 қыркүйекте Шолпан-Ата қаласында (Қырғызстан) «Ұлттық спорт түрлері және жастар арасындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті.

Түркі кеңесінің VII Саммиті 2019 жылғы 15 қазанда Баку қаласында (Әзербайжан) «Шағын және орта бизнесі дамыту» тақырыбында өтті. Түркі кеңесінің VIII Саммиті 2022 жылдың 11 қарашасында Самарқанд (Өзбекстан) қаласында көлік-транзит тақырыбында болды. Осы бағытта

түркігілдес халықтардың алдында құрлық ішіндегі көліктранзит дәліздерін дамыту, транзиттік және экспорттық мүмкіндіктерді одан әрі жетілдіру, шекара бекеттерін жаңғыру мақсаты тұр. Сондай-ақ қолданыстағы теңіржол және автокөлік бағыттарына бағлағма жолдар табу үшін кешенді шаралар қағыл-дау мәселелері қарастырылды. Түркі кеңесінің келесі саммиті 2023 жылы Қазақстанда өтетін болды [3]. Түркі мемлекеттерінің біглім және ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту мақсатында 2023 жылы Қазақстанда II Түркі университетасын ұйымдастыру жоспарланып отыр. Яғни Түркі елдері университеттерінің ортақ желісін құру мүмкіндігі. Бұл бастама студенттеріміздің түркі тілдерін үйреніп, бауырлас елдердің тыныс-тіршілігімен танысуына жол ашуға мүмкіндік береді және т.б. мәселелер қарастырылады. Түркі кеңесі аясында келесі ұйымдар қызмет етеді:

«Түркі мәдениетін және өнерін дамыту» – TURKSOY (TÜRKSOY) атты халықаралық ұйымына тоқталатын болсақ (3-кесте), ол 1993 жылдың 12-ші шілдесінде Алматы қаласында, келісімге құрылтайшы елдердің өкілдері қол қоюы нәтижесінде құрылған, негізгі мақсат: түркілдес халықтардың арасындағы рухани байланыстарды жаңғыру еді. Түркия Республикасы осы ұйымның атқарушы елі болып тағайындалды. Бұл ұйымның ресми қызмет тілі – түрік және ағылшын мен орыс тілдері болып саналады, оның Бас кеңесі – Анкара (Түркия) қаласында орналасқан.

Аталмыш ұйымның құрамында басында 14 ел болған, оның ішінде – егеменді елдер, федеральды субъектілер мен автономды аймактар да бар. Бұл халықаралық ұйымға мүшелер болып сол кезде, оған құрылтайшы мемлекеттер: Әзіrbайжан, Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан және кейіннен қосылған елдер – Ресей Федерациясының құрамындағы: Алтай Республикасы, Башқұртстан, Саха (Якутия), Татарстан, Тыва (Тува), Хакасия Республикалары және Гагаузия Автономиялық Республикасы (Молдова) мен тәуелсіздігі танылмаған – Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* кірген болатын. 2015 жылдың сонында Ресей мәдениет министрі Владимир

Мединский, РФ қарасты республикалардың басшыларына «Халықаралық түркі мәдениеті» туралы телеграмма жолдауына байланысты, РФ құрамындағы келесі түркігілдес – Тыва, Алтай және Якутия республикалары сол уақыттан бастап аталмыш үйим тараپынан атқарылып жатқан іс-шаралар мен оның басқадай да жұмыстарына қатыспауда [4]. Түркігілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) штаб-пәтері Баку қаласында (Әзербайжан) орналасқан. Ассамблея КР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2008 жылғы 21 қарашада Түркігілдес елдердің арасындағы парламентаралық байланыстарды дамыту үшін құрылған.

Халықаралық Түркі академиясы штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында (Қазақстан) орналасқан. Академия КР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2010 жылғы 25 мамырда Түркі дүниесін зерттейтін халықаралық ғылыми орталығын құру мақсатында құрылған.

Түркі мәдениеті және мұрасы қоры штаб-пәтері Баку қаласында (Әзербайжан) орналасқан. Қор 2012 жылғы 23 тамызда Түркі халықтарының мәдениеті мен тарихи мұрасын жаңғырту, дамыту және насихаттау жолындағы жобаларды қаржыланыру мақсатында Әзербайжан Президенті бастамасымен құрылған. Түркі мемлекеттері үйіміне (ТМҰ) мүше мемлекеттердің аграрлық саладағы ынтымақтастығы қазірдің өзінде жақсы нәтиже көрсетіп отырғанын атап өтті.

3-кесте. ТҮРКСОЙ халықаралық үйіміна мүше және бақылаушы елдер

Мүшелері	Тілі
Әзіrbайжан	Әзіrbайжан тілі
Қазақстан	Қазақ тілі
Қыргызстан	Қыргыз тілі
Өзбекстан	Өзбек тілі
Түркія	Түрік тілі
Түркіменстан	Түрікмен тілі
Караушы елдер	Тілі
Башқұртстан	Башқұрт тілі
Татарстан	Татар тілі
Ғагаузыстан	Ғагаузы тілі
Солтүстік Кипр	Кипрлік түрік тілі
Хакасия	Хакас тілі

Пандемияға және ілеспе факторларға қарамастан, Қазақстан 2021 жылы 3,7 млрд АҚШ долларына ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттады. Бұл ретте барлық өнімнің шамамен 36% (1,3 млрд. доллар) ТМҰ елдеріне экспортталды. Жалпы, ҚР мен ТМҰ арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауар айналымы 2021 жылы 1,79 млрд. АҚШ долл құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17,1%-ға артық (1,533 млрд. АҚШ). Экспорт 19,4% артып, 1,385 млрд АҚШ құрады. Ал импорт 9,7%-ға артып, 410,7 млн АҚШ көрсетті [5].

Бұгінде Түркі мемлекеттері елдер арасындағы ішкі және сыртқы сауда қарым-қатынастары жолға қойылуда, экономикалық және саяси мәселелердің сәтті шешілуі әлемдік аренада бұл елдердің тыныш өмір сүруіне мүмкіндік беруде.

Корытынды

Қазақта төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді деген нақыл бар. Осы түбірі бір төртеудің түгел болуы, алтауының алауыздыққа бармауы ежелгі түрік қағанатын құрган Ер Бұмыннан бастап Естеми қаған, Тонықөк, Күлтегіндердің аңсап өткені белгілі. 2009 жылы қазан айында Азербайжанның Нахчivan қаласында қазақ президентінің бастамасымен құрылған бұл ұйым Түркі тарихындағы тұңғыш ұйым. Мақсаты ағайын арасындағы алыс-берісті жандандырып, мәдени-гуманитарлық байланыстарды бәсендептеу, қарға тамырлы елдердің қарым-қатынасын дұрыс жолға қою.

Бауырлас мемлекеттердің бірігі өз нәтижелерін беріп жатыр. Мысалы, қазір ортақ құндылықтарымызды жаңғырту мақсатында Қазақстанның Өзбекстандағы жылы, Өзбекстанның Қазақстандағы жылы немесе Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы жылы, Қырғыз Республикасының Қазақстандағы жылы сияқты үлкен мәнге ие жұмыстар жүріп жатыр. Қала берді, келер жылдан бастап, Қазақстан мен Өзбекстан ЖОО арасында екі мемлекеттің тілі оқытылмақ. Осының бәрі бауырлас мемлекеттердің бір-біріне жақындасуының көрінісі. Сонымен қатар Түркі мемлекеттерінде қазақ елінің ұлы

тұлғаларының еңбектерінің атап өтілуі, мемлекеттер арасындағы тығыз байланыстарды көрсетеді.

Қорыта айтқанда, бұл ұйым қазіргі құбылмалы жағдайда түркі әлемінің бір-біріне демеу, сүйеу болуга ниетті екенінің белгісі деуге келеді. Ғылыми зерттеуге қарасақ, осы уақытқа дейін қабылданған құжаттардың қай-қайсысы болмасын тараптардың бәріне игілігі мол болмақ.

Пайдаланылған Әдебиеттер

ЕСНАЗАРОВА, Ұ.Ә., ТЕМІРБЕКОВ А.Т. «Түркітілдес елдер географиясы» Оку құралы. – Алматы, 2011. – 223

КАРИН, Е. «Орталық Азияның геосаяси тағдыры» – Түркістан, 2019 – 56

Л.Н.ГУМИЛЕВ, атындағы ЕҮУ 25 жылдығы, “GYLYM JANE BILIM - 2021” атты XYI Халықаралық ғылыми конференция жинағы 12 сәуір

УСПАНОВА, М.К. «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің қатынастары». Алматы, 2004. – 188 б.

<https://www.youtube.com/watch?v=lMYJ6th4lhQ>

<http://www.wiki-zero.net/index.php>